

Бейсенбі

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы

Топ «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 04-08 желтоқсан 2023 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Музыкалық аспаптар дүкені»</p> <p>Мақсаты: Балаларға арналған музыкалық аспаптардың дауыс тембрін ажыратуға үйрету. Аспаптарда өз еріктерінше ойнауға, шығармашылыққа баулу.</p> <p>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</p> <p>Ойын: Балалар аспап түрлеріне сәйкес бірнеше қатар болып отырады. Музыка жетекшісі ширма артында аспапта ойнайды.</p> <p>2. Музыка тыңдау «Тұлпарым».</p> <p>3. Ән айту «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Әннің мәтінін үйрету.</p> <p>4. Музыкалық-ырғақты қимыл: Лентамен жаттығу.</p> <p>1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту. 3. Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p>	<p>Тақырыбы: «Күн мен бұлт»</p> <p>Мақсаты: Балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әр – түрлі сипаттағы әуендерді ажырату қабілеттерін дамыту. (көңілді, қуанышты, мұңды, көңілсіз).</p> <p>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</p> <p>Үш карточка бірінші карточкада жарқырап тұрған күннің көзінің суреті, екінші карточкада бұлт басқан күннің көзінің суреті, үшінші карточкада жаңбыр мен бұлттың суреті</p> <p>Ойынға қатысушылар, ойын құралының санына байланысты алынады. Балаларға карточкалар таратылып, Үш түрлі музыкалық шығарма тыңдауды ұсынады.</p> <p>Балалар бос шаршыларды әуеннің көңіл күйіне байланысты, суреті бар карточкалармен жабады. Әр сурет әуеннің көңіл күйіне байланысты.</p> <p>2. Ән айту. «Көңілді күн» тұрып айналу.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы
Топ «Қарлығаш» ересек тобы
Балалардың жасы 4-5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 11-15 желтоқсан 2023 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Ақырын қатты» Мақсаты: Тембрлік есту қабілеттерін дамыту.</p> <p>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. Балаларға бір түсті бірақ әр түрлі реңктегі карточка жаймалары беріледі. Балаларға: Көгілдір – ақырын музыка, қара көк – қатты музыка, көк – орташа. Әрі қарай музыка жетекшісі әнді ақырын, қатты жіне орташа орындайды. Балалар музыканы тыңдай отырып қолдарындағы фишкаларымен карточкаларды жабады.</p> <p>2. Музыкалық-ырғақты қимыл: Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.</p> <p>Жалаушалармен жаттығу. 1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілтту. 3. Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. 4. Жалаушаны ұстап жүру.</p>	<p>Тақырыбы: «Менің балапандарым қайда?» Мақсаты: Дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған.</p> <p>1. Көңілді музыкамен залға кіреді. Музыкалық жетекші ойнауды ұсынады да әңгімесін бастайды: Бір аулада балапандарымен тауық, үйрек, қаз өмір сүріпті, ал ауланың сыртындағы ұяда құс балапандарымен тұрыпты. Бірде қатты жел соғып, жаңбыр жауды да, барлығы тығылып қалды. Ең бірінші болып өз балапандарын үйрек шақырады (суретті көрсетеді):</p> <p>2. Ән айту. «Менің балапандарым, сүйкімді балақандарым қайды? Кря, кря!» (бірінші октаваның рес дыбысы бойынша ән салады). Карточкаларында үйректің балапандарының суреті салынған балалар оларды көтеріп, былай деп жауап береді: «Кря – кря, біз мұндамыз» (екінші октаваның ля дыбысы бойынша ән салады). Музыкалық жетекші былай деп жалғастырады: «үйрек өз балапандарын тапқанына қатты қуанады (карточкаларды жинап алады). Барлық құстар өз балаларын тауып алғанша ойын жалғасады.</p> <p>3. Музыка тыңдау. Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан»</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы

Топ «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 18-22 желтоқсан 2023 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы«Қояндар» Мақсаты: Музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. 1.Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. Музыка жетекшісі балаларға: Бір үйде қояндар өмір сүріпті. Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндар көңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті – деп (қояндардың билеп жатқан суретін көрсетеді). Ал қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса балаларына бесік жырын айтып береді екен (қояндардың ұйықтап жатқан суреттерін көрсетеді). Әрі қарай музыка жетекшісі балалардан, сурет бойынша қояндардың нестеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды. 2. Музыка тыңдау:«Ақ қоян»</p>	<p>Тақырыбы: «Бауырсақ кіммен кездесті?» Мақсаты: Музыканы сезінуге, төмен, орташа, жоғары дыбыстарды ажырата білуге баулу. 1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойнағанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрсетеді. 2. Ән айту. «Бауырсақ» -Қанекей балалар әжемізге қошақан туралы ән айтып берейік.</p>